

Бекітемін:

«28» тамыз 2020 жылғы № 1 хаттама

педагогикалық кеңес шешімімен бекітілді

«№54 «Айгүл» бөбекжай-бақшасы» ЖМҚК

директоры А.С. Сундлетова



**«Атырау қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты
«№54 «Айгүл» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорынының 2020-2021 оқу жылына
арналған жылдық жоспары**

Ақпараттық анықтама

1.	Кәсіпорынның толық атауы Кәсіпорынның басшысы	«№54 «Айгүл» бөбекжай-бақшасы» ҚМКҚ Сундетова Айман Сапарқызы, Білімі жоғары, санаты жоғары, еңбек өтілі – 25 жыл.
2.	Кәсіпорынның әдіскері	Амантаева Лунара Утегеновна Білімі жоғары, еңбек өтілі – 6 жыл.
3.	Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы	Қалалық білім бөлімі
4.	Орналасқан жері	Атырау қаласы, Вокзал маңы – 5 кұрлыс 27Б
5.	Құрылған жылы	1985 жыл.
6.	Телефон, факс, электронды пошта	8(7122) 36-63-01, 36-05-18 det sad54@mail.ru
7.	Лицензия берген мекеме	Облыстық білім департаменті
8.	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	№1278-1915-01-МК
9.	БИН	990540003482
10.	Пошталық индексі	060027
11.	Бөбекжай-бақшаның жалпы көлемі	2173,2м²
12.	Жер көлемі	0,8098 га
13.	Құрылысының түрі	типтік
14.	Жобалық сыймдылығы	280 бала орны.
15.	Жұмыс тәртібі	сағат 8.00-ден 18.30-ға дейін (10,5 сағат)
16.	Оқыту тілдері	Қазақ, орыс.
17.	Топтар саны	12, олардың ішінде: мемлекеттік тілінде оқыту – 10, орыс тілінде оқыту – 2. кіші топ – 3, ортаңғы топ – 4, ересектер тобы - 3. мектепалды даярлық тобы-2
18.	Бағдарламалармен қамтамасыз етілуі	ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
19.	Педагогтар саны	28, олардың ішінде: жоғары біліктілік санатты – 5, бірінші біліктілік санатты – 3, екінші біліктілік санатты – 7, санатсыз – 13.
20.	Мамандар	Директор – 1, әдіскер – 1, психолог – 1, қазақ тілі мұғалімі – 1, орыс тілі мұғалімі – 1, би жетекшісі – 1, саз маманы – 1 тәрбиешілер – 21.
21.	Білім деңгейі	Жоғары білімді – 14, арнаулы орта білімді – 14.

Жоспарлауда ескерілетін негізгі басты дерективті құжаттар

№	Құжаттардың атауы	Құжаттардан негізге алынған нұсқаулар
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995ж.	Қазақстан Республикасында тұратын нәсілі, ұлты, жынысы, тілі және әлеуметтік шығу тегінен тәуелді емес азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.
2.	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы	Осы Заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған. Оқу-тәрбие үдерісінде балалармен жұмыс істеуде адамгершілік мақсаты мен ұстанымдарын қамтамасыз ету, әр баланың дене және психикалық денсаулығын қорғау негізіне бағытталған қарым-қатынастарды отбасы, тәрбиеші мен бала арасында жүзеге асыру.
3.	«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы	Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді. Балаларға мемлекеттік тілді меңгерте отырып, өзге ұлт балаларының өз тілінде қарым-қатынас жасауына және өзге тілдерді үйренуге мүмкіндік туғызу.
4.	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы	Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың ҚР Конституциясында көпшілік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.
5.	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы	Осы Заң ойыншықтар қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану, орындау және бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.
6.	"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы"	Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді

	Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы	жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.
7.	«ҚР мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 * маусымдағы №258 Конституциялық заңы	Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады. Балаларға ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру, сондай-ақ олардың мәні мен маңызын түсіндіру.
8.	«Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Заңы	Қазақстан Республикасында еңбектің еркіндігіне азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асы барысында пайда болатын еңбек қатынастарын реттейді.
9.	«Терроризмге қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-I Заңы	Осы Заң Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ азаматтардың терроризмге қарсы күресті жүзеге асыруға байланысты құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін белгілейді.
10.	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267-1 Заңы	Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың , сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.
11.	«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы	Мақсаты: мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету. Міндеттері: мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру; демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту; балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту; мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту менеджментін және даму мониторингін жетілдіру.
12.	"Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына" көшіру туралы" Қазақстан Республикасы	Қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшпін қамтамасыз ету туралы

	Президенттің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығы	«Қазақстан-2030» стратегиясында көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Балаларды жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу. Жолдауларда айтылғандай алдағы кезеңде білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлінеді.
13.	Елбасының Қазақстан халқына Жолдаулары: «Қазақстан-2030» стратегиясы, 01.10.1997ж.; «Қазақстан-2050» стратегиясы, 14.12.2012ж.; «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»; «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»; «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму»; «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»; «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»; «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»; «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі».	Құжатта Қазақстан халқының тарихи тағдыры мен жалпы мүдделері, біздің елімізді дамыудың базалық құндылықтары көрінетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті принциптері ұсынылған: Тәуелсіздік және Астана, Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, Зайырлы мемлекет және жоғары руханият, Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Балаларды "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу.
14.	"Мәңгілік Ел" патриоттық актісі	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді. Қағидалар «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі ұйымдарын қоспағанда, меншік
15.	«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде	

	балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰ 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы	нысандарымен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.
16.	«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы	1) Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары; 2) Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесі бекітілсін. 2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын. 3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
17.	«Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы №1270 қаулысы	Осы Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесі «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді.
18.	«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»	Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармағына сәйкес әзірленді және оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне, оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.
19.	"ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы ҚР БҒМ 2020 жыл 12 мамыр №195 бұйрық(2-қосымша)		
20.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарды және ата-аналар қауымдастығын тәрбиелеу-оқыту үдерісімен қамтамасыз етуге арналған. Үлгілік бағдарлама мазмұны баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі педагогика мен жас ерекшеліктері психологиясының негізгі ережелеріне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріле отырып әзірленді.
21.	«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық-эпидемиологиялық тандауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тәрбиелеу мен оқыту, тұру, тамақтану жағдайларына, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, балаларды медициналық қамтамасыз етуге, меншік нысанына қарамастан балалар толық, толық емес, тәулік бойы болатын барлық түрдегі МДҰ және сәбилер үйлеріндегі персоналды медициналық тексеріп-қарауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.	Осы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары объектінің құрылысына жер учаскесін тандауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тәрбиелеу мен оқыту, тұру, тамақтану жағдайларына, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, балаларды медициналық қамтамасыз етуге, меншік нысанына қарамастан балалар толық, толық емес, тәулік бойы болатын барлық түрдегі МДҰ және сәбилер үйлеріндегі персоналды медициналық тексеріп-қарауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.
22.	«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары»	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және түрлеріне, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.
23.	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы"	Қазақстан Республикасы БҒМ 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 бұйрығына 1-қосымша: 1) Жалпы ережелер; 2) Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі;

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 бұйрығы	3) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, мемлекеттік корпорациялардың және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі 4) Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар.
24.	«Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау» Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің 1998 жылғы 13 қаңтардағы №14 бұйрығы	Осы нұсқау қазіргі заңдық актілер, қағидалар, басқа нормативтік талаптар негізінде жасалған және мектепке дейінгі мекемелерде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөнінде республикада бірыңғай саясат жүргізуге, балалардың оқуы мен тәрбиеленуіне қауіпсіз және сапалы жағдайлар туғызатын тиісті шараларды қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық мектепке дейінгі мекемелер осы нұсқауды орындауға міндетті.
25.	"Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру олардың бейініне, кадрлық әлсуетіне, материалдық-техникалық базасына, ақпараттық ресурстарына сәйкес, сондай-ақ олардың ғылыми-білім беру қызметінің ұлттық және халықаралық танылу көрсеткіштерін ескере отырып, республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін реттейді.	Қағидалар еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру олардың бейініне, кадрлық әлсуетіне, материалдық-техникалық базасына, ақпараттық ресурстарына сәйкес, сондай-ақ олардың ғылыми-білім беру қызметінің ұлттық және халықаралық танылу көрсеткіштерін ескере отырып, республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін реттейді.
26.	"Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы" ҚР	Ойыншықтар сараптамасы балаларға арналған ойыншықтар қауіпсіздігінің психологиялық-педагогикалық өлшемдеріне сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ балалардың адамгершілік-эмоционалдық саулығын сақтау мақсатында өткізіледі.

	БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы №337 бұйрығы	Осы білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ МД, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ББ ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын айқындайды.
27.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын ББҰ жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы	Осы Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері қызметінің тәртібін анықтайды.
28.	"Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2013 жылғы 29 мамырдағы №206 бұйрығы	Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес әзірленді және олардың қолдануы үшін міндетті. Педагог қызметкерлердің баланы тәрбиелеп, білім берудегі өз лауазымының міндетін орындауға және болашақ ұрпақты жан-жақты тәрбиелеп өсіруге жұмыстану негізінде шығармашылықпен жұмыс жасау көзделеді.
29.	«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы	Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.
30.	«МД тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта ж/е қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің	

	және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығы	
31.	"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы	Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметі олардың Жарғысына, "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген МД ұйымдардың үлгілік қағидаларына, ҚР ДСМ 2017 жылғы 17 наурыздағы №615 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
32.	"Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №217 бұйрығы	"Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №217 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 17 мамырда № 18696 болып тіркелді.

2020-2021 оқу жылының міндеттері

Мақсаты: Балабақша және отбасы: жаңартылған білім беру мазмұны аясында табысты түлектердің құзыреттілігін қалыптастыру.

Міндеттері	Күтілетін нәтиже
1. Балалардың қозғалыс қызметіндегі қызығушылықтарын, спорттық-сауықтыру белсенділіктерін денсаулық технологиясы арқылы іске асыру.	Балалардың спорттық қимыл-қозғалыс белсенділіктерін қалыптастырып, денсаулықтарын нығайту. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.
2. Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытуда білім беру салаларын кіріктіріп, баланың даму құзыреттілігін қалыптастыру.	Балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін (театрландырылған, қойылымдар, көркем сөз, ән), ой-өрістерін және тілдік қорларын дамыту.

2020 – 2021 оқу жылының әдістемелік кабинет жұмысы

Мақсаты: қазіргі заман талабына сай мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын, сапасын және педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау.

№	Жұмыс мазмұны, бағыты	мерзімі	Жауапты
	Педагогикалық процесті жабықтау, ұйымдастыру		
1.	Жаңа стандарт талаптарына сай, бағдарламаны негізге ала отырып, перспективалық жоспар құру.	тамыз	әдіскер, тәрбиешілер
2.	Барлық топ тәрбиешілерін жаңа бағдарламамен қамтамасыз ету.	тамыз	директор, әдіскер
3.	Жаңа оқу жылына оқу жұмыс жоспарын, апталық оқу кезеңінің кестесін құру.	тамыз	әдіскер
4.	Жалпы педагогтардың сандық және сапалық құрамын анықтау (саты бойынша).	қыркүйек	әдіскер
5.	«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысына енгізілген өзгерістер және толықтырулармен педагогтарды таныстыру.	қыркүйек	әдіскер
6.	1 жастан бастап 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарына ҚР 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен енгізілген өзгерістер және толықтырулармен педагогтарды таныстыру.	қыркүйек	әдіскер
7.	ҚР мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы 2020-2021 оқу жылғы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстыру	қыркүйек	әдіскер
8.	Тәрбиешілердің рейтингтік картасын жасау.	тоқсан сайын	әдіскер
9.	"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтарындағы №83 бұйрығы.	қыркүйек	әдіскер
10.	Аттестаттау стендін толықтыру	қыркүйек	әдіскер
11.	2020 – 2021 жылғы тәрбиеші-педагогтарға арналған газет-журналдарға жазылу.	жыл бойы	директор, әдіскер
12.	Әдіскер бұрышын толықтыру, жаңарту.	оқу жылы барысында	әдіскер
13.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің нормативті – құқықтық актілер жөнінде педагогтармен кайталау жұмыстарын жүргізу	қыркүйек	әдіскер

14.	«Мектепке дейінгі мекемесінде тәрбиелеу мен оқыту барысын жоспарлау және ұйымдастыру» тақырыбында жас мамандарға кеңес беру.	қыркүйек	әдіскер
15.	Балабақшадағы қауіпсіздік техникасы жөнінде нұскаманы қайталау.	жыл бойы	әдіскер
16.	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау №14 бұйрық 13.01.1998ж.	жыл бойы	әдіскер
17.	Өдістемелік жаңалықтармен танысу.	жыл бойы	директор, әдіскер
18.	Айлық жоспардың орындалуына директор жанындағы кеңесте есеп беру.	ай сайын	әдіскер
19.	Тәрбиешілердің құжаттарын тексеру.	тоқсан сайын	директор, әдіскер
20.	Балалардың күнделікті өмірін ұйымдастыру циклограммасы мен ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарын тексеру.	апта сайын	әдіскер
21.	Шаралар мен ертенгіліктердің өтілуін талдау.	кестеге сәйкес	директор, әдіскер
22.	Тәрбиешілердің жұмыстарын, конспектілерін газет – журналдарға басылымға жіберу.	оқу жылы барысында	директор, әдіскер
23.	Балалардың салған суреттерін дәлізге ілу.	тақырыпқа байланысты	әдіскер
24.	Өз білімін жетілдіру курстарынан өтуіне сураныс беру.	жыл бойы	әдіскер
25.	Тәрбиешілерге тәрбиелеу-оқыту жұмысын жоспарлауда кеңес беру.	турақты	әдіскер
26.	Білім жүйесіндегі жаңалықтармен педагог мамандарды таныстыру.	турақты	әдіскер
27.	2020 – 2021 оқу жылына балалардың негізгі дағдыларының қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау индикаторын жасау (бастапқы,аралық,қорытынды)	мамыр	әдіскер, топ тәрбиешілері

1.Салауатты өмір салтын ұйымдастыру.

Мақсаты:Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы педагогтар мен балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру.Балалардың денсаулығын нығайту және өмірін қорғау бойынша жұмысты жақсарту.Балалардың физикалық дамуын жетілдіру,медициналық-педагогикалық бақылау.

Жұмыс мазмұны	Айлар										Жауапты
	08.20	09.20	10.20	11.20	12.20	01.21	02.21	03.21	04.21	05.21	
Дене шынықтыру Ұ.О.Қ.(ДШ)			ДШ						ДШ		Әдіскер Медбике
Режимдік кезеңдер(РК)		РК		РК			РК		РК		Әдіскер Медбике
Денсаулық күні(ДК)			ДК			ДК			ДК		Музыка жетекшісі, топ тәрбиешілері
Дене шынықтыру тынығуы(ДТ)			ДТ			ДТ			ДТ		Топ тәрбиешілері
Тиімді теңестірілген тамақтануды ұйымдастыру (ТТТ)		ТТТ			ТТТ			ТТТ		ТТТ	Медбике
Медициналық,психо логиялық, педагогикалық бақылау(МПБ)			МПБ				МПБ			МПБ	Әдіскер Медбике психолог

Салауатты өмір салтын ұйымдастыру.

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту бойынша жұмыстарды жандандыру, баланың физикалық дамуын жетілдіру.

